Ұлан ауданының
әкімдігі
ҚАУЛЫ

Уланский районный
акимат
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жыл 21 шілде
Қасым Қайсенов кенті

№ 289
поселок Касыма Кайсенова

«Qazz Expert» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17-бабы, 69-бабы 4-тармағының 7-1) тармақшасы, 71-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, «Qazz Expert» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының 2026 жылғы 14 шілдедегі өтініші, 2026 жылғы 30 наурыздағы №4230-EL қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Qazz Expert» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, жер учаскесін меншік иелері мен пайдаланушылардан алып қоймай, жер қорының есеп кварталы 05-079-017 жалпы алаңы 958,8104 гектар, оның ішінде: босалқы жерлер 278,23 гектар жерлеріне 2032 жылғы 30 наурызға дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Qazz Expert» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заңнамаға сәйкес, жер пайдаланушылармен жеке сервитутты белгілеу туралы шарттарда бекітілген, жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттерді және өзге де шарттарды, жұмыстарды жүргізу мерзімі мен орнын анықтасын.

3. «Ұлан ауданының жер қатынастары және ауыл шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберілсін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Ұлан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Садуақасовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі **А. Бекбосынов**

Ұлан ауданының
әкімдігі
ҚАУЛЫ

Уланский районный
акимат
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

21 августа 2026г. № 289

Қасым Қайсенов кенті — поселок Касыма Кайсенова

Об установлении публичного сервитута товариществу с ограниченной ответственностью «Qazz Expert»

В соответствии со статьей 17, подпунктом 7-1) пункта 4 статьи 69, статьей 71-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан, подпунктом 10) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», на основании заявления директора товарищества с ограниченной ответственностью «Qazz Expert» от 14 июля 2026 года, лицензия на разведку твердых полезных ископаемых № 4230-EL от 30 марта 2026 года, акимат Уланского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить публичный сервитут на земли запаса учетного квартала 05-079-017 общей площадью 958,8104 гектара, из них: земли запаса 278,23 гектара до 30 марта 2032 года, без изъятия земельного участка у собственников для проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых товариществу с ограниченной ответственностью «Qazz Expert».

2. Товариществу с ограниченной ответственностью «Qazz Expert» определить сроки и место проведения работ, обязанности по рекультивации земель и иные условия, определенные в договорах об установлении частного сервитута с землепользователями, в соответствии с законодательством.

3. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений и сельского хозяйства Уланского района»:

1) направить настоящее постановление на официальное опубликование в Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан;

2) разместить настоящее постановление на интернет-ресурсе акимата Уланского района после его официального опубликования.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района Р. Садуакасова.

5. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Уланского района **А. Бекбосынов**